

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 905 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы мен Халықаралық
Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария
өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің
солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын
дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа
қол қою туралы**

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хаттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астана, Ақорда, 2006 жылғы

N

The World Bank - Central Asia Regional Office
INTERNATIONAL BANK FOR RECONSTRUCTION AND DEVELOPMENT
INTERNATIONAL DEVELOPMENT ASSOCIATION

41 Kazybek Bi Str. Bldg. A, 4th floor Tel. +7 (327 2) 98 05 80
Almaty 050000 Fax +7 (327 2) 98 05 81

Republic of Kazakhstan

2006 жылғы 17 шілде

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

А . С . Е с і м о в

м ы р з а ғ а

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

0 1 0 0 0 0 ,

А с т а н а

қ а л а с ы

Абай даңғылы, 25-үй

"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға бөлінетін PHRD гранты Грант N TF056573

Құрметті Есімов мырза:

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (бұдан әрі - банк) атынан Жапония Үкіметі ұсынған грант қаражатының әкімшісі ретінде осы арқылы Қазақстан Республикасына (бұдан әрі - алушы) сегіз жүз мың (800 000) АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі гранттың (бұдан әрі - грант) бөлінгеніне Банктің келіскенін білдіремін.

Грант алушының мақсаттарға қаржылай жәрдем көрсету туралы сұрау салуына жауап ретінде және осы келісім-хатқа (бұдан әрі - келісім-хат) 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген немесе оларға сілтемелер жасалған ережелер мен шарттарға сәйкес бөлініп отыр. 1-қосымша 2-қосымшамен бірге қаралуы тиіс. Осы келісім-хатқа 2-қосымша грант бойынша жалпы ережелер мен шарттарды белгілейді, ал осы келісім-хатқа 1-қосымша көрсетілген ережелер мен шарттардың осы грантқа нақты қолданылуын айқындайды. Алушы көрсетілген ережелер мен шарттарға сәйкес келісім жасасуға және көрсетілген мақсаттар үшін грант қаражатын алуға уәкілетті екендігін мәлімдейді, осыны төмендегі келісімімен растайды.

Осы келісім-хаттың қоса беріліп отырған данасына өз қолыңызды және қол қойылған күнді қойып, банкке қайтара отырып, Алушының атынан жоғарыда

айтылғандарға өз келісіміңізді растауыңызды сұраймыз. Осы келісім-хаттың Сіз қол қойған көшірмесін банк алғаннан кейін келісім-хат Сіздің тарапыңыздан қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ ұ р м е т п е н ,
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі
Қол қойған _____
А н н е т Д и к с о н
Өңірлік директордың міндетін атқарушы
Орталық Азиядағы өңірлік кеңсе

Еуропа және Орталық Азия өңірі
К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасы
К і м м е н : _____

У ә к і л е т т і ө к і л і

А т ы - ж ө н і _____
Л а у а з ы м ы : _____
Күні: _____

1-қосымша

Гранттың арнайы ережелері мен шарттары

А. Осы келісім-хаттың тараптары	
А. 1 Грантты алушы:	Қазақстан Республикасы
А. 2 Әкімші:	Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі
В. PHRD грантының мақсаттары	
В. 1 Жобаның атауы:	Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)
В. 2 Жобада көзделген даму мақсаттары:	Ұсынылып отырған жобаның мынадай мақсаты бар: (а) Солтүстік Арал теңізі (САТ) мен Сырдария бассейнінің атырауын экологиялық қайта жаңғыртуды жалғастыру, сондай-ақ бассейндегі қоршаған ортаны/экологиялық жағдайды жақсарту, бұл адамдардың денсаулығын, жануарлар әлемі мен биологиялық әр алуандықтың жай-күйін жақсартуға ықпал ететін болады; (b) неғұрлым маңызды су шаруашылығы инфрақұрылымының қауіпсіздігін нығайту жөніндегі жұмысты күшейту және әсіресе қыс мезгілінде су тасқынына қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жолымен тұтастай алғанда бүкіл бассейн бойынша суды пайдалану тиімділігін жетілдіру, бұл ауыл шаруашылығы өндірісін жақсартуға, балық өндіруді ұлғайтуға және халықтың денсаулығын сақтауға ықпал ететін болады; және (с) бассейнде орналасқан су шаруашылығы объектілерін пайдалану мен басқаруды жетілдіру арқылы бассейннің су ресурстарын басқаруға бағытталған институционалдық әлеуетті нығайту.
В. 3 PHRD грантының міндеті:	PHRD грантының міндеті жоғарыда көрсетілген жобаны дайындау болып табылады

С. Грант қаражатын жұмсау жөніндегі санаттар, қаржыландырудың көлемі мен пайыздық үлестері		
	Бөлінетін грант қаражатының сомасы (АҚШ долларымен)	Қаржыландыруға жататын шығыстар %-ы
С. 1 Консультациялық қызметтер:	754 000 АҚШ доллары	52%
С. 2 Тауарлар:	16 000 АҚШ доллары	8 0 %
С. 3 Оқыту және операциялық үстеме шығыстары ¹ :	30, 000 АҚШ доллары	100%
С. 4 Грант қаражатының жалпы сомасы:	800,000 АҚШ доллары	
D. Ретроспективті қаржыландыру		
D. 1 Ретроспективті қаржыландыруға рұқсат етіле ме?	Жоқ	
D. 2 Егер ретроспективті қаржыландыруға рұқсат етілсе , онда қандай көлемде?	Қолданылмайды	
E. Грантты іске асыру тетіктері		
E. 1 Аудиторлық тексеруге ұшырамаған аралық қаржылық есептер талап етіле ме?	Жоқ	
E. 2 Егер қаржылық есептері аудиторлық тексеруге ұшырамаған мерзімділік талап етілсе:	Қолданылмайды	
E. 3 Аудит жүргізуге қойылатын талаптар	Бір жолғы аудит	
F. 4 Қосымша міндеттемелер:		
F. Грантты әкімшілендіру жөніндегі ақпарат		
F. 1 Трасталық қордың нөмірі:	TF056573	
F. 2 Гранттың бекітілген күні:	2006 жылғы 5 сәуір	
F. 3 Грантты жабудың болжамды күні	2008 жылғы 30 қыркүйек	

1. Осы қосымшаның С.3 бөлімінің мақсаттары үшін мына терминдер:

(i) "оқыту" алушының аумағында жүргізілетін оқытуды, оның ішінде материалдарды сатып алу мен жариялауды, үй-жайларды жалға алуды, курстар үшін ақы төлеуді, оқушылардың іссапар және тәуліктік шығыстарын білдіреді; және (ii) "операциялық үстеме шығыстар" термині шығыс материалдары мен жабдықты, байланыс құралдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын, баспа қызметтерін, сондай-ақ көлік құралдарын жалға алуды, пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, алайда алушының мемлекеттік қызметіндегі қызметшілер мен қызметкерлердің жалақысын қоспағанда, жобаны дайындауға байланысты шығыстарды білдіреді.

2-қосымша

Гранттың жалпы ережелері мен шарттары

1. Мақсаттары мен іс-шаралар

1.1 Осы гранттың мақсаты осы келісім-хатқа 1-қосымшаның В бөлімінде көрсетілген жобаны (бұдан әрі - жоба) дайындауда алушыға көмек көрсету болып

т а б ы л а д ы .

1.2 Жүзеге асырылуына грант ұсынылған іс-шаралар (бұдан әрі - іс-шаралар) орындалуы оқтын-оқтын жобаны дайындау үшін қажет болуы мүмкін және банктің мақұлдауына жататын іс-шараларды қамтиды. Бұл іс-шаралар техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуді, экологиялық сараптама, әлеуметтік және басқа да бағалау түрлерін жүргізуді, жобаны іске асыру жоспарларын әзірлеуді, мүдделі тараптармен консультацияларды жүзеге асыруды, ел ішінде оқытуды ұйымдастыруды, зерттеулер мен семинарлар, тексерулер жүргізуді және техникалық қызметтер ұсынуды (оның ішінде аудиторлық тексерулер жүргізуді), сондай-ақ осындай іс-шараларды орындау үшін қажетті тауарлар сатып алуды қамтиды.

2. Іске асырудың жалпы мәселелері

2.1 Алушы: (a) іс-шараларды тиісті ынтамен және тиімділікпен жүзеге асыруға; (b) бұл үшін қажетті қаржыландыруды, құралдарды, қызметтерді және басқа да ресурстарды уақтылы ұсынуға; (c) банк тарапынан негізді сұрау салуларға жауап ретінде іс-шаралар мен грант қаражатын пайдалануға қатысты барлық ақпаратты беруге; (d) банк өкілдерімен іс-шаралардың орындалу барысы және олардың нәтижелері туралы оқтын-оқтын пікір алмасуға; (e) банкке грантқа байланысты міндеттерді шешуге қатысты мәселелер бойынша алушының аумағына келуге мүмкіндік беру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға; және (f) грант қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерді жоба мақсаттарына ғана пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс. Алушы жоғарыда баяндалғанмен шектелмей, банктің өтініші бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде нысаны және мазмұны бойынша банктің талаптарын қанағаттандыратын іс-шаралардың нәтижелері мен әсері туралы есеп дайындайды және банкке ұсынады.

2.2 Алушы осы келісім-хатқа 1-қосымшаның Е.4-бөлімінде белгіленуі мүмкін кез келген қосымша міндеттемелерді сақтауға тиіс.

3. Сатып алу

3.1 Жалпы

(a) Консультанттардың іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті және грант қаражатынан қаржыландыруға жататын барлық қызметтері банк жариялаған және 2004 жылғы мамыр күнімен белгіленген "Дүниежүзілік банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалға алуы" басшылығының (бұдан әрі - консультанттар жөніндегі басшылық) I (1.24-тармақта көзделген ережелерді қоспағанда) және IV бөлімдерінде белгіленген немесе көрсетілген талаптарға және осы 3-бөлімнің төменде келтірілетін ережелеріне сәйкес сатып алынады.

(b) Іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті және грант қаражатынан қаржыландыруға жататын барлық тауарлар банк жариялаған және 2004 жылғы мамыр күнімен белгіленген "ХҚДБ қарыздары және МАР кредиттері бойынша сатып алу" басшылығының (бұдан әрі - сатып алу жөніндегі басшылық) I бөлімінде (1.16-тармақта

көзделген ережелерді қоспағанда) белгіленген немесе көрсетілген талаптарға және осы 3-бөлімнің төменде келтірілетін ережелеріне сәйкес сатып алынады.

(с) Сатып алуды жүзеге асырудың белгілі бір әдістерін немесе белгілі бір келісім-шарттарды қарау үшін банк қолданатын әдістерді сипаттау үшін осы 3-бөлімде төменде қолданылатын бас әріппен жазылған терминдер жағдайға қарай сатылып алу жөніндегі басшылықта немесе консультанттар жөніндегі басшылықта жазылған тиісті әдіске жатады.

3.2 Консультанттардың қызметтерін сатып алудың белгілі бір әдістері

(а) Сапасы және құны бойынша іріктеу. Егер төменде келтірілетін (b) тармағында өзгеше көзделмесе, консультанттардың қызметтері сапасы мен құны бойынша іріктеу негізінде тағайындалатын келісім-шарттар негізінде сатып алынады. Жуықтап алғандағы құны консультанттар жөніндегі басшылықтың 21-сілтемесінде көрсетілгеннен аз соманы құрайтын қызметтерге арналған әрбір келісім-шарт үшін консультанттардың қысқаша тізімі толығымен ұлттық консультанттардан тұруы м ү м к і н .

(b) Консультанттардың қызметтерін сатып алудың басқа да әдістері. Төменде келтіріліп отырған сапасы мен құны бойынша іріктеуге негізделгеннен өзгеше әдістер консультанттардың қызметтерін сатып алу үшін қолданылуы мүмкін, олар банктің пікірі бойынша, осы тапсырмаларды орындау үшін оларды пайдалану жөніндегі талаптарды қанағаттандырады, бұл консультанттар жөніндегі басшылықта көзделген: (i)) сапасы бойынша іріктеу; (ii) тіркелген бюджет бойынша іріктеу; (iii) ең аз құны бойынша іріктеу; (iv) консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу; (v) бір көз қағидаты бойынша іріктеу; және (vi) жеке консультанттарды іріктеу.

3.3 Тауарларды сатып алудың белгілі бір әдістері

Банкпен басқа уағдаластықтар болмағанда тауарлар сауда желісінен сатып алу негізінде тағайындалған келісім-шарттар бойынша сатып алынады.

3.4 Тауарларды сақтандыру

Алушы грант қаражатынан қаржыландырылатын барлық импортталатын тауарларды оларды сатып алуға, пайдаланылатын немесе орнатылатын орнына дейін тасымалдауға және жеткізуге байланысты тәуекелдерден, қақтығыстардан осындай сақтандыру жөніндегі кез келген шығындардың осындай тауарларды ауыстыруды немесе жөндеуді жүзеге асыру үшін еркін айырбасталатын валютада ақы төлеуге жататыны сияқты сақтандыруды қамтамасыз етеді. Алушы тиісті нұсқаулықтарға сәйкес іс-шараларды орындауға қатысы бар жабдықтар мен құралдарды тұрақты пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және қажет болған кезде кез келген жөндеу жұмыстары мен жанарту тезарада жүргізіледі.

3.5 Банктің сатып алу туралы шешімдерді қарауы

Сатып алудың белгілі бір әдісіне сәйкес тағайындалатын бірінші келісім-шарт банктің алдын ала қарауына жатады. Егер банк алушыға берілетін хабарламада өзгеше нұсқама берілмесе, барлық қалған келісім-шарттар банктің кейіннен қарауына жатады.

4. Шоттан грант қаражатын алу

4.1 Грант қаражаты банк оның есебінен алушының атына ашқан шотқа (грант шоты) енгізіледі. Алушы грант қаражатын іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті және грант қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерге арналған ақылға қонымды шығыстарды қаржыландыру үшін 4-бөлімнің ережелеріне сәйкес және банк алушыға берілетін хабарламада нұсқама беретін осындай қосымша нұсқаулықтарға сай ала алады.

4.2 Осы келісім-хатқа 1-қосымшаның С бөлімінде келтіріліп отырған кесте грант қаражатынан қаржыландырылатын шығыстар баптарының санаттарын, әрбір санат бойынша грант қаражатын бөлуді, сондай-ақ осылайша әрбір санат бойынша қаржыландырылатын атаулар бойынша шығыстардың пайыздық үлесін белгілейді.

4.3 Жоғарыда келтірілген 4.2-тармақтың шарттарына қарамастан, грант шотынан қаражат алуға рұқсат етілмейді:

(а) осы келісім-хатқа 1-қосымшаның F.2 бөлімінде көрсетілген грант бекітілген күні немесе ол күннен кейін жүргізілетін төлемдер үшін жүзеге асырылуы мүмкін қаражатты алуды қоспағанда, осы келісім-хатқа қол қойылған күнге дейін, егер мұндай осы келісім-хатқа 1-қосымшаның D. бөлімінде көзделген болса, ретроспективті қаржыландыру сомасына баламалы жалпы сомаға жүргізілген төлемдер үшін;

(b) егер мұндай төлемдерге немесе импортқа, банктің пікірі бойынша, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса, жеке немесе заңды тұлғаларға төлеу мақсатында немесе тауарлардың кез келген импортына ақы төлеу мақсатында;

(c) осы келісім-хатқа 1-қосымшаның F.3 бөлімінде көрсетілген грантты жабудың болжанып отырған күнінен немесе банк алушыға берілетін хабарламада нысаналы мақсатта белгілеуі мүмкін неғұрлым кешірек күннен кейін (бұдан әрі - жабатын күн). Солай бола тұра, грант шотының қаражаты егер қаражатты алуға арналған тиісті өтінімді банк жабатын күннен кейін төрт ай ішінде алатын болса, жабатын күнге дейін жүргізілген шығыстарға ақы төлеу үшін жабатын күннен кейін алынуы мүмкін, ол біткеннен кейін грант шотында қалатын гранттың пайдаланылмаған қаражатының кез келген сомасы күшін жояды.

4.4 Егер, банктің пікірі бойынша, осы келісім-хатқа 1-қосымшаның С бөлімінде белгіленген қандай да бір санаттың шеңберінде бөлінген грант сомасы осы сипат бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып шықса, С.2 санаты ("Тауарлар, оқыту және үстеме операциялық шығыстар") үшін бөлінетін грант қаражатының жалпы сомасы қандай жағдайда болмасын грант сомасының 10 %-ынан аспауы шартымен банк алушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, осы санатқа басқа

санатқа бөлінген грант қаражатының, банктің пікірі бойынша, басқа шығыстарды қаржыландыру үшін қажет болмайтын сомасын аудара алады.

4.5 Алушы грант шотынан қаражаттың белгілі бір сомасын алғысы келген кезде ол банкке банк белгілеген нысан бойынша осы соманы алуға жазбаша өтінім жіберуге тиіс. Қаражат алуға арналған өтінімдерге: (а) алушының атынан жазбаша түрде осыған уәкілеттік берілген тұлға немесе тұлғалар қол қоюға; және (б) банкін негізді өтініші бойынша өтінімді растау үшін деректермен бірге берілуге тиіс. Қаражат алуға арналған өтінімдер және іс-шараларға арналған шығыстарға қатысты тиісті ілеспе құжаттар тезарада дайындалуға тиіс. Қаражат алуға арналған өтінімдерге қол қоюға уәкілетті тұлға немесе тұлғалар қолдарының расталған үлгілері оның немесе олардың қолын немесе қолдарын қамтитын өтінім берілгенге дейін немесе бірінші өтініммен бірге ұсынылуға тиіс. Грант қаражатын алуға арналған әрбір өтінім және растайтын құжаттар нысаны мен мазмұны бойынша банкті алушының грант шотынан көрсетілген қаражат көлемін алуға құқығы бар екендігіне және осы сома іс-шараларды жүргізуге пайдаланылатынына көз жеткізу үшін жеткілікті болуы тиіс. Банк алушы грант шотынан алатын қаражатты тек алушыға немесе оның тапсырмасы бойынша төлейді.

4.6 Грант қаражатын алу грант валютасымен жүргізіледі. Банк алушының өтініші бойынша және алушының өкілі ретінде әрекет ете отырып, грант шотынан алынған грант валютасына грант қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарға ақы төлеу үшін қажетті валюталарды сатып алады. Егер осы келісім-хаттың мақсаттары үшін бір валютаның екіншісіне қатысты құнын анықтау қажет болса, бұл құнды банк негізді түрде анықтайды.

4.7 Іс-шаралардың орындалуын жеңілдету үшін алушы банк үшін қолайлы, банктің талаптарын қанағаттандыратын шарттар мен ережелерде қандай да бір қаржы институтында арнайы депозиттік шот (бұдан әрі - арнайы шот) ашуы және ұстауы мүмкін. Арнайы шотқа салымдар мен одан алынатын төлемдер банк алушыға берілетін хабарламада көрсететін рәсімдерге сәйкес жүргізілуге тиіс.

4.8 Алушы грант шеңберінде қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерге немесе олардың импортына, өндірісіне, оларды сатып алуға немесе беруге салатын немесе оның аумағында салынатын салықтарды төлеу үшін гранттың кез келген қаражатын пайдалану банктің грант қаражатын, оның ішінде осы грантты да үнемді және тиімді пайдалануды талап ететін саясатына байланысты. Осыған байланысты, егер банк қандай да бір сәтте грант қаражатынан қаржыландырылатын тауарларға немесе қызметтерге немесе солардың кез келгеніне қатысты салынатын кез келген салықтардың сомасы шамадан тыс немесе өзге түрде негізсіз болып табылады деп анықтайтын болса, банк алушыны хабардар ету жолымен осы келісім-хатқа 1-қосымшаның С бөлімінде көзделген немесе көрсетілген осындай тауарларды немесе қызметтерді қаржыландыру пайызын түзетуі және қажет болған кезде банктің жоғарыда көрсетілген саясатына сәйкес келтіруі мүмкін.

5. Есептер және аудит

5.1 Алушы іс-шараларға байланысты операцияларды да, ресурстарды да, шығыстарды да барабар көрсететін банктің жалпы қабылданған бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес қаржы менеджменті жүйесін жүргізуге және ресми қаржылық есептер (бұдан әрі - қаржылық есептер) дайындауға тиіс.

5.2 Егер осы келісім-хатқа 1-қосымшаның Е.1 бөлімі аудиторлық тексеруге ұшырамаған аралық қаржылық есептердің талап етілуін белгілейтін болса, алушы осындай кезеңді қамтитын және нысаны мен мазмұны бойынша банктің талаптарын қанағаттандыратын, аудитке ұшырамаған аралық қаржылық есептерді жоғарыда көрсетілген 1-қосымшаның Е.2 бөлімінде көрсетілген күнтізбелік мерзім біткеннен кейін 30 күннен кешіктірмей дайындауға және банкке тапсыруға тиіс.

5.3 (a) Егер осы келісім-хатқа 1-қосымшаның Е.3 бөлімі жылдық қызметтің нәтижелері бойынша аудитті жүргізу туралы талапты белгілейтін болса, алушы: (i) банк үшін қолайлы бірге қолданылатын аудиторлық стандарттарға сәйкес банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторларды (бұдан әрі - аудиторлар) тарта отырып, әрбір қаржы жылы бойынша қаржылық есептерді аудиторлық тексеруге ұшыратуға; (ii) банкке олар қол жетімді бола салысымен, бірақ кез келген жағдайда әрбір осындай жыл аяқталғаннан (немесе банкпен келісілген өзге осындай күннен) кейін алты айдан кешіктірмей банктің талаптарын қанағаттандыратын көлем мен бөлікте осындай жыл үшін аудитке ұшыраған қаржылық есептердің нәтижелерін ұсынуға; және (iii) банкке аудиторлық тексеруге ұшыраған қаржылық есептерге қатысты өзге ақпаратты, сондай-ақ банк оқтын-оқтын негізді түрде сұратуы мүмкін аудиторларға қатысты мәліметтерді ұсынуға тиіс.

(b) Егер осы келісім-хатқа 1-қосымшаның Е.3 бөлімі бір жолғы аудитті жүргізу туралы талапты белгілейтін болса, алушы: (i) банк үшін қолайлы қолданылатын аудиторлық стандарттарға сәйкес тәуелсіз аудиторларды тарта отырып, грант шотынан қаражатты алу жүргізілген бүкіл кезең үшін қаржылық есептерді аудиторлық тексеруге ұшыратуға; (ii) банкке олар қол жетімді бола салысымен, бірақ кез келген жағдайда жабатын күннен (немесе банкпен келісілген өзге осындай күннен) кейін алты айдан кешіктірмей банктің талаптарын қанағаттандыратын көлем мен бөлікте осындай кезең үшін аудитке ұшыраған қаржылық есептердің нәтижелерін ұсынуға; және (iii) банкке аудиторлық тексеруге ұшыраған қаржылық есептерге қатысты өзге ақпаратты, сондай-ақ банк оқтын-оқтын негізді түрде сұратуы мүмкін аудиторларға қатысты мәліметтерді ұсынуға тиіс.

(c) Егер осы келісім-хатқа 1-қосымшаның Е.3 бөлімі талап ету бойынша аудитті жүргізу туралы талапты белгілейтін болса, алушы банктің талап етуі бойынша: (i) банк үшін қолайлы қолданылатын аудиторлық стандарттарға сәйкес тәуелсіз аудиторларды тарта отырып, банк талапта көрсеткен кезең үшін қаржылық есептерді аудиторлық тексеруге ұшыратуға; (ii) банкке олар қол жетімді бола салысымен, бірақ кез келген

жағдайда банк осындай аудитті жүргізу жөніндегі талапта көрсеткен күннен кейін алты айдан кешіктірмей банктің талаптарын қанағаттандыратын көлем мен бөлікте осындай кезең үшін аудитке ұшыраған қаржылық есептердің нәтижелерін ұсынуға; және (iii) банкке аудиторлық тексеруге ұшыраған қаржылық есептерге қатысты өзге ақпаратты, сондай-ақ банк оқтын-оқтын негізді түрде сұратуы мүмкін аудиторларға қатысты мәліметтерді ұсынуға тиіс.

5.4 Алушы іс-шараларды орындауға байланысты шеккен шығыстарды растайтын барлық жазбаларды (келісім-шарттарды, бұйрықтарды, шоттарды, чектерді, түбіртектерді және басқа да құжаттарды) банк грант шотынан қаражатты соңғы алу жүзеге асырылған қаржы жылын қамтитын аудитке ұшыраған қаржылық есептерді алғаннан кейін кемінде бір жыл сақтауға тиіс. Алушы банктің өкілдеріне осы жазбаларды тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

6. Тоқтата тұру және тоқтату

6.1 Банк кез келген уақытта алушыны хабардар ете отырып, алушының грант шотынан қаражатты одан әрі алу құқығын тоқтата тұруы мүмкін, егер мыналар болса немесе болуын жалғастырса: (a) алушының осы келісім-хатта көзделген немесе көрсетілген өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамауы; немесе (b) банкпен кез келген келісім шеңберінде алушының қаражатты алу құқығын тоқтата тұру.

6.2 Банк алушыны жазбаша хабардар ете отырып, алушыны грант шотынан қаражатты одан әрі алу құқығынан айыруы мүмкін: (a) алушының грант шотынан қаражатты алу құқығы жоғарыда 6.1 бөлімде айтылған себептермен тоқтатылатыннан кейінгі кез келген уақытта; немесе (b) егер алушы осы келісім-хат күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде банкті қанағаттандыратын, іс-шараларды орындауға бағытталған іс-қимылдар жасамаған болса; немесе (c) егер банк алушымен келіскеннен кейін кез келген уақытта осы жоба бойынша өз қолдау көрсетуін тоқтатуды шешсе; немесе (d) егер алушы жобаны қаржыландыруға банктің көмегі туралы өзінің өтінішін қайтарып алса.

7. Қайтарып алу

Егер банк қандай да бір кезеңде: (a) грант шотынан алынған гранттың қандай да бір сомасы (i) осы келісім-хатқа сәйкес қаржыландыру үшін қолайлы болып табылмайтын немесе (ii) банкке тапсырылған құжаттармен расталмайтын шығыстар бойынша ақы төлеуді жүргізу үшін пайдаланылған деп; немесе (b) грант қаражатынан қаржыландырылған қандай да бір келісім-шартқа қатысты осындай келісім-шартты сатып алуды жүзеге асыру немесе орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәжірибе, алаяқтық пайдаланылған, құпия ымыраласу арқылы шешу әдістері, алушының өкілдері немесе грант бенефициарлары тарапынан мәжбүрлеу іс-қимылы қолданылған әрі алушы ахуалды түзету үшін банктің талаптарын қанағаттандыратын уақтылы және баламалы іс-қимылдар жасамады және банк грант қаражатынан қаржыландыру үшін қолайлы болып табылатындай өзге жағдайларда осындай келісім-шарт бойынша

шығыстардың сомасын анықтайды деп; немесе (с) грант қаражатынан қаржыландырылған қандай да бір келісім-шартты сатып алу осы келісім-хатта белгіленген немесе көрсетілген рәсімдерге сәйкес келмеді және банк грант қаражатынан қаржыландыру үшін қолайлы болып табылатындай өзге жағдайларда осындай келісім-шарт бойынша шығыстардың сомасын анықтайды деп; немесе (d) алушымен консультациядан кейін грант сомасынан алынған гранттың қандай да бір сомасы грант сомасынан қаржыландыруға жататын іс-шаралар бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін талап етілмейді деп шешсе, алушы банктің хабарламасы бойынша осындай сомаға тең соманы банкке тезарада қайтаруға тиіс. Банкпен өзге уағдаластықтар болмағанда банк банкке осылайша қайтарылған барлық соманың күшін жояды және грант қаражатының сомасы тиісінше азаяды.

8. Ашу

Банк осы келісім-хатты және онымен байланысты кез келген ақпаратты ақпаратты ашудың өз саясатына сәйкес жария етуі мүмкін.